

## Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама №1

6.12.2023ж

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Жаңа жылдық әкім шыршасына, жаңа жылдық Президент шыршасына қатысатын балаларды анықтау, ұсыну.

1-сұрақ бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Г.Бакирбекова жаңа жылдық әкім және президент шыршасының өткізілуі туралы, қатысушы балаларға қойылатын талаптар мен санаттарды таныстырып өтті. Сондай-ақ биылғы жылға осы шырша мерекесіне қатысуға азықталған, көпбалалы отбасылардан шыққан балалардың жағдайын таныстырып өтті. 9-13 жас аралығында 9 бала, оның 4-і алдыңғы жылдары шырша мерекесіне қатысқаны, ал 1-і жас ерекшелігі сәйкес келмейтіні айтылып, әр оқушыға жеке мінездеме берілді, оқу үлгерімі, жетістіктері, отбасының тұрмыс жағдайы мен дәрежесі, ата-аналарының жұмыспен қамтылуы туралы толық ақпарат берілді. Сөзді кеңес мүшесі Бибиғуль Аманжоловна алып, 5-сынып оқушысы Жумагельдинова Аяулымды облыс әкімі шыршасына жіберуді ұсынды. Оның отбасылық жағдайын, анасының жалғыз басты екенін, баланың жетістігін ескеру қажет деп айтып өтті. Қалған кеңес мүшелері де оны қолдады. БАҚ өкілі Гүлбану Өзкей 8 сынып оқушысы Олимпиадаұлы Мұстафаны Президент шыршасына қатыстыруды ұсынды. Себебі ол көпбалалы отбасынан, әлеуметтік деңгейінің төмендігін әрі өте зерек екенін, түрлі сайыстарға, спорттық байқауларға белсене қатысатынын ескеруді ұсынды. Кеңес төрағасы Машгутов Е.М осы екі баланың кандидатурасын барлық қатысушыларға ұсынды. Ұсыныс барлық кеңес мүшелерінің қолдауына ие болды. Барлық қатысқан 11 кеңес мүшесі қолдап дауыс берді.

**Шешімі:** облыс әкімі шыршасына 5 «ә»- сынып оқушысы Жумагельдинова Аяулым, ал Президент шыршасына 8 сынып оқушысы Олимпиадаұлы Мұстафа қатысуын ұсынамыз. Оқушыларды дайындау және алып жүруді ұйымдастыру гимназия әкімшілігіне тапсырылсын.

Кеңес төрағасы: Машгутов Е.М

Кеңес мүшелері: Ибраева Б.Ш

Ермекова А.К

Ахмекенова А.С

Жумадилова А.М

Өзкей Г.

Асылханова Б.А

Надырбаева Г.М

Тасбулатова К.С

Байманов К.К

Кукуева У.К